



## Әр адамның даусы маңызды!

Ағымдағы жылдың 5 маусымында елімізде ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізетін топ құрылып, жұмысты бастап кетті.

Топтың төрағасы – университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов.

12 мамырдан бастап ақпараттық-түсіндіру жұмыстары түрлі форматта ұйымдастырылуда. – Топ құрамында университет оқытушылары, орталық директорлары, заңгерлер бар. Түсіндірме-ақпараттық іс-шаралары аясында профессор-оқытушылар құрамымен, сайлау комиссиясы мүшелерімен және университет штабының өкілдерімен дөңгелек үстелдер; институт, басқарма, орталық директорларына және жоғары мектеп жетекшілері мен бөлім басшыларына, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына арналған семинарлар, студенттерге арналған эдвайзерлік сағаттар өткізілді. Басқосулар барысында Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, референдумның өту барысы түсіндірілуде. Мұндай бағыттағы жиындар 3 маусымға дейін жалғасады, – деді топтың төрағасы, проректор Ақылбек Ұзақбайұлы.

Кездесулер барысында топ мүшелері әріптестері мен білім алушыларды бүкілхалықтық дауыс беру науқанына белсене қатысуға шақырып, әр адамның даусы маңызды екенін жеткізді.

Бүгінгі таңда Жәңгір хан университетінде 4 мыңнан астам студент білім алып жүр. Ал профессор-оқытушылар құрамы 300-ге жуықтайды. Білім ордасында екі сайлау учаскесі (№187, №429) орналасқан.



## Важен голос каждого человека!

5 июня текущего года в стране пройдет республиканский референдум по вопросу внесения изменений и дополнений в Конституцию РК. В Западном-Казакстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана создана и начата работа группы по проведению информационно-разъяснительных мероприятий.

Председателем группы является проректор по воспитательной и социальной работе университета Ақылбек Сұлтанов.

С 12 мая информационно-разъяснительная работа проводится в различных форматах. - В составе группы преподаватели университета, директора центров и юристы. В рамках разъяснительно-информационных мероприятий проведены круглые столы с профессорско-преподавательским составом, членами избирательной комиссии и представителями штаба университета; семинары для директоров институтов, управлений, центров и руководителей отделов и высших школ, организаций студенческого самоуправления, эдвайзерские часы для студентов. В ходе совещаний разъясняются изменения и дополнения в Конституцию, а также процесс проведения референдума. Собрания в таком направлении продлятся до 3 июня, - сказал председатель группы, проректор Ақылбек Ұзақбаевич.

В ходе встреч члены группы пригласили коллег и обучающихся принять активное участие во всенародном голосовании, подчеркнув важность голоса каждого человека.

На сегодняшний день в университете Жангир хана обучаются более 4 тысяч студентов, в свою очередь профессорско-преподавательский состав состоит в среднем из 300 человек. В образовательном учреждении расположены два избирательных участка (№187, №429).



## Жұмыс берушілер университетте болды

17-18 мамыр күндері Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» іс-шарасы ұйымдастырылды. Жәрмеңке аясындағы дөңгелек үстелге БҚО әкімінің бірінші орынбасары Арман Өтеғұлов пен университет басқарма төрағасы-ректор Аскар Наметов қатысты.

Түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету мақсатында «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығы ұйымдастырған шара барысында бітіруші курс студенттерінің мемлекеттік мекемелер мен бизнес нысандары өкілдерімен бет-бет кездесуіне мүмкіндік жасалды. Түрлі бағдарламалар, кәсіпорын-ұйымдардағы жұмыс тәртіптері түсіндіріліп, шеберлік сағаттары өткізіліп, бос жұмыс орындары ұсынылды.

Жұмыс берушілермен өткен дөңгелек үстелде сөз алған университет ректоры А.Наметов жоғары оқу орнында сапалы мамандар, еңбек нарығында сұранысқа ие кадрлар даярлауға баса мән берілетінін атап өтті. – Бүгінгі жиынға студенттердің тәжірибеден өтуіне, жұмысқа орналасуына септігін тигізіп жүрген үлкен компаниялардың басшылары қатысып отыр. Түлектерді еңбекпен қамту – маңызды мәселе. Осы мәселені жан-жақты талқылайтын боламыз, – деді Аскар Мырзахметұлы.



Жастардың болашағына алаңдаған Жәңгір хан университетінің ұжымына білдірген облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Өтеғұлов білікті кадрлар тапшылығы – өзекті мәселе екенін жасырмады. – Тарихы тереңнен басталатын Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті қабырғасынан түлеп ұшқан танымал азаматтар аз емес. Іргелі оқу орнында жасалып жатқан жүйелі жұмыстардан хабардармыз. Әсіресе, университетте теория мен практиканы бір-біріне ұштастыру

бағытындағы жұмыстар нақты жолға қойылып келеді, – деді Арман Кәрімұлы.

Университеттегі «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының директоры Замзағұл Сұлтанова БҚАТУ түлектерінің жұмысқа орналасу жағдайы мен ағымдағы мәселелер төңірегінде баяндама жасады. Студенттерді тағылымдамадан өткізіп, көп жағдайда өздеріне жұмысқа қалдыруға ниетті жұмыс беруші компаниялар басшылары арадағы өзара әріптестік байланыс үшін университет басшылығына алғыстарын жеткізді.

Іс-шара соңында Жәңгір хан университетімен ынтымақтастықта жұмыс жасап жүрген бірқатар мекеме басшылары ректордың «алғыс хатымен» марапатталды.

Ләззат ҚАЖЫМОВА



## Профессорға құрмет

Жуырда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университетінің ардагер ұстазы, «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының профессор міндетін атқарушы, ветеринария ғылымдарының докторы Мәлік Шәлменұлы Шәлменовке жерлес-тері үлкен тарту жасады.



Қазақ елінің экономикалық әлеуетін арттыруға сүбелі үлес қосып жүр. Араларында мықты мамандар, іскер басшылар, ізденімпаз ғалымдар, қаламды қарымды жазушылар, жоғары шенді әскери қызметкерлер, ұлағатты ұстаздар жетерлік.

Біздің Жәңгір хан университетінде де талай егіндікөздік түлектер білім алды, бүгінгі күні де оқып жүргендері бар. Солардың қатарында университеттің «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының» түлегі,

Егіндікөл жалпы орта білім беретін мектебінің қазіргі директоры Әділет Хайратұлы Мусағалиевтің бар екенін де мақтан етеміз. Мектеп басшысымен университет ұжымы алдағы уақытта да өзара ықпалдастықпен кәсіби бағдар беруге жұмыстана беруге ниетті.

Енді бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері, профессор Мәлік Шәлменұлына келсек, ол – еліміздің ветеринария, соның ішінде паразитология саласына жоғары білімді мал дәрігерлерін, магистранттарды, докторанттарды, аспиранттарды, ғылым

кандидаттары мен философия докторларын даярлауға еселі еңбек етіп келе жатқан білікті маман, ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым. Сонымен қатар өзі білім алған Егіндікөл мектебінің бірнеше оқушысына шәкіртақы тағайындап, олардың білімге құштарлығы мен ынта-сын арттыруға атсалысты.

«Профессор М.Шәлменов атындағы биология кабинетінің» ашылуы білім сапасын арттыруға, биология пәні мен ғылымының өркендеуіне септігін тигізетін ізгі шара, ұрпақтар сабақтастығының нақты көрінісі, облыстың басқа мектептеріне кеңінен таратуға лайық өміршең өнеге. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деп Абай ақын айтқандай, жас буынға, білім-ғылым көгіне самғап ұшар білікті тастүлектерге білікті ғалымның, ұлағатты ұстаздың жолын берсін. Өйткені XX ғасыр – физика ғасыры болса, XXI ғасыр – биология ғасыры болады. Профессордың атындағы биология кабинетінің іші құтты болып, мықты шәкірттер мен ардақты ұстаздардың қатары көбейсін. Ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып, мәуелі жемісін берсін.

**Болатқали ТӨЛЕБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері

## Алқапта өткен дәріс

Агротехникалық институтының «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің АН-31, ЗКР-31 топтары студенттерінің практикалық сабақтары көктемгі далалық алқапта жалғасты.



ша селекциялық егістер мен сортсынақтарға телімдер таңдау, дайындау және нұсқаларды ор-

наластыру бойынша теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыра білді. Тұқымдарды егіске дайындау жұмыстарына белсене қатысқан білім алушылар демонстрациялық алқапқа егілетін дақыл сорттарын сұрыптап, мөлдектерге орналастырды. Мөлдектердегі барлық жұмыстар техниканың көмегімен жүргізілді. Сол арқылы тұқым себу техникаларымен танысу мүмкіндігі туындады.


Жалпы болашақ мамандар көктемде жүргізілетін селекциялық процесті ұйымдастыру жұмыстарымен толықтай танысты десек те болады. Ал сабақты доцент Диана Қабденқызы Тулегенова өткізді.

**Айкен АУҒАНОВА**  
АН-31 тобының студенті



## Прошел научный семинар

16 и 17 мая на базе высшей школы «Информационные технологии» был проведен международный научный семинар.



В рамках сотрудничества между ЗКАТУ имени Жангир хана и Финансовым университетом при Правительстве РФ, 16 и 17 мая был проведен впервые плодотворный международный научный семинар, посвященный 60-летию нашего университета. На семинаре присутствовали преподаватели, докторанты и магистранты института «Экономики, информационных технологий и профессионального образования», института Агротехнологии и Финансового университета, г. Москвы. С открытой лекцией выступили ученые высшей школы «Информационные технологии» университета Жангир хана и ученые департамента «Анализ больших данных» финансового университета при Правительстве РФ. Тема моей лекции была «Нейросетевые модели и методы противодействия

кибератакам». Руководитель департамента информационной безопасности Осипов Алексей Викторович ознакомил присутствующих с методами компьютерного зрения для обнаружения и классификации объектов и процессов. Также выступила доцент департамента анализа данных и машинного обучения Камышова Галина Николаевна с докладом на тему: «Нейросетевые технологии для повышения эффективности орошаемого земледелия».

По итогам научного семинара было принято решение заключить меморандум о сотрудничестве университетов. Надеюсь что после летнего отпуска, с начала нового учебного года мы продолжим нашу совместную деятельность.

**Идеят БАШИЕВ,**  
руководитель высшей школы «Информационных технологий»

# Жастардың тәлім-тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?...

«Жастар – біздің болашағымыз» деген тәмсілді жиі айтамыз. Ел мүдесін ойлайтын отансүйгіш, рухани бай, мәдениеті жоғары жас буынды тәрбиелеу – ең басты мақсат.

## «Бас киімнен» басталатын мәдениет

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жастар құрамын да ой-өрісі жоғары, ақылы толысқан, болашаққа үлкен жоспары бар қыз-жігіттер құрайтыны сөзсіз.

Алайда олардың арасында тәртіпсіздікке бой алдырып, жат қылықтар жасайтындар кездесетіні жасырын емес.

Кез келген мекемедегі мәдениет – киім ілгіштен басталады деп жатамыз. Соның ішінде бастысы білім ордасына кіргенде бірден бас киімді шешіп, мәдениеттілік таныту. Одан кейінгі мәдениеттілік оқу ғимаратының ішінде дұрыс жүріп-тұрудан да көрінеді.

Үлкендер көбінесе жастардың аман-даспай, жолын кесіп өтіп кететіндеріне наразылық білдіреді. Мұндай уәждерінің де жаны бар. Алпыс жылдық тарихы бар Жәңгір хан университетінде алды 80-нің сенгіріне шыққан, соңы 60-ты алқымдаған аға буын өкілдері баршылық. Оларға студенттер ғана емес, жас мамандар да құрмет көрсетіп жатады.

Бірақ бұл дегеніңіз – оқытушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сыйлау керек деген сөз емес. Жалпы ұстаздар қауымына, сонымен қатар өзге қызметкерлерге де ілтипат білдіріп жүру – күнделікті қалыпты нәрсеге айналуы тиіс.



## Өз бетімен ізденуге талпыныс аз

45 жылдан астам уақыт еңбекке араласып, жастармен жұмыс жасап, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген, маңдай терімен алған марапаттары мен атақтары да аз емес университет профессоры Мәлік Шәлменов білім алушылардың өз бетімен ізденуге талпынысы аз екенін жеткізді. – Бұл салада көптен бері жұмыс жасап келемін. Бүгінгі өзгерістерді ақпараттық технологияның дамуымен байланыстыра едім. Осы ретте студенттер арасында өз ойы мен пікірін қалыптастыру, практика жүзінде білімін жетілдіру мәселелері кемшін түсіп жатады. Өзім сабақ беретін ветеринария саласы бойынша айтып өтейін. Мамандығым – паразитолог болғандықтан, қойдың құрт ауруларымен айналысамын. Біз білім алушыларға «Ауылға барғанда мал сойылған жағдайда, соларды қарап жүріңдер. Мүмкіндік болса, суретке түсіріп алыңдар. Сосын ауылда мал моласы бар ма, иттерге дәрі-дәрмек беріле ме? Соны да сұрап, біле жүріңдер» деп үнемі айтамыз. Алайда нәтиже көңіл көншітпейді.

Қазіргі уақытта бұрынғыдай «совхоз» деген жоқ, барлығы жекеменшікке айналды. Оларда тәжірибеден өткізуге рұқсат



берілмейді. Бұл мәселе де теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға кері әсерін тигізбей қоймайды. Бүгінгі таңда ауылға қажетті мамандықтардың бірі – ветеринария саласын дамытуға баса назар аударылуда. Сондықтан бұл мамандықтың болашағы зор деуге болады. Ал университетте «Ветеринарлық клиниканың» өзінде қыз балалар малдың иісін жақтырмай, қашқақтап жүреді.

Бүгінгі жастар ақпараттық жүйеге байланып қалған, интернеттен дайын нәрсені алуға құмар. Бұрын студенттер кітапханаға барып, ізденіп, өзінің білімін толықтырып, жұмыстанатын еді, – деген ойымен бөлісті профессор-ұстаз. Оқытушылар өз пәні бойынша толық бағыт-бағдар беруге тырысады. Оны іс жүзінде жасап көру үрдісі кемде-кем деген сөз.

Мәлік Шәлменовты бұрынғы буын мен қазіргі жастардың тәлім-тәрбиесіндегі ұсақ-түйек айырмашылықтардың өзі көзге көрініп тұратынын жасырмады. Мысалы, аудиторияға есік қағып кіру, оқытушы мен шәкірт арасындағы қарым-қатынас секілді қарапайым нәрселерге әлі де көңіл аудару қажеттігін айтты.



## Ұлттық идеологиялық тәрбие қажет

Университеттегі «Жастар бастамасын дамыту орталығы» директорының орынбасары Мейрам Осановтың пікірінше, бүгінгі жастардың көзқарасында, ой-өрісінде, сөйлеу мәнерінде өзгешелік бар.

– Әр заманда аға буын мен орта буын кішілерді кінәлайды. Ол – табиғи заңдылық. Ал бүгінгінің орта буыны – біз. Біздің тарапымызға да алдыңғы буыннан түрлі сын-ескертпелер айтылған. Нәтижесінде біз солардан сабақ алып, кемелденіп, осы күнге жеттік. Жастар өздеріне берілген еркіндікті өзге мақсатта пайдалануда. Қолдары босай қалса, телефонмен отырады. Соңғы кездері әлеуметтік желілерде «Диван үстіндегі батырлар» көбейіп кетті. Сол желілердің ағыны жастарды да үйіріп әкетіп барады. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпын. Жастармен жұмыс жасайтын болғандықтан, түрлі жағдайларды

көріп жүрміз, – деді Мейрам Маратұлы. Сөз арасында білім алушылармен кейде «ауызша», ал кейде «қағаз» арқылы жұмыстануға тура келетінін жеткізді.

Аталмыш орталық мамандары Жәңгір хан университеті студенттерінің зиянды әдеттерге бой алдыруына жол бермеуге тырысады. Сондай кездері айтылатын қатаң ескертулер жастардың бәріне бірдей ұнай қоймайтыны бар. Мұндайда қағаз бен қаламға жүгініп, оларға түсініктеме жаздыртып, сөгіс беріліп, шара қолдануға тура келеді. Ал кей студенттердің өзіне айтылған ескертуден лезде оң нәтиже шығаратыны қуантады.

Сондай-ақ орталық директорының орынбасары М.Оспанов жастарға ұлттық тәрбие қажет деген ойда. Ұлтжанды азамат елімізде жастар арасында ұлттық идеологияны жандандыру керек деген ұстанымда. Әрбір іс-шарада ұлттық болмысымыздың ұшқыны болуы тиіс. Оған дәлел ретінде күні кеше БҚАТУ-да ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау бағытында кең көлемде аталып өтілген мәдени-көпшілік іс-шараны атап өтті.

– Қарапайым адамды ұлы қылатын – оның кішіпейілділігі. Қарапайым ғана қағида. Амандасып, кішіпейілділік танытқан баланың болашағынан үлкен үміт күтуге болады, – деді ол. Расымен де, мақаламыздың басында айтқандай, адамның амандасуының өзі оның болмысын зерделеп алуға жеткілікті.

Студенттермен ұдайы байланыста болатын әріптесіміздің пікірінен тағы бір аңғарғанымыз – жастардың есеппен жүріп-тұратыны. Әсіресе, қоғамдық жұмысқа тартылатын кезде «өтемі» ретінде өзінің де мәселесін реттестіріп алуды көздейді.

– Менің ойымша, білім алушыларды университетке оқуға қабылдаған кезде олармен жасалатын келісімшартқа алғашқы жылы сабақтан тыс уақытта қосымша жұмыс жасамау жөнінде талапты енгізген дұрыс. Себебі, бізде сабақтан

шығып, түрлі жерде жұмыс жасайтын студенттер баршылық. Яғни, студент 1-курста алаңсыз сабағын оқып, жоғары оқу орнындағы білімінің іргетасын қалап, қоғамдық жұмыста белсенділік танытуы керек. Сонда білім мен тәрбие қатар беріледі. Әл-Фарабидің «Білімсіз берілген тәрбие – адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзі де осы жерде өзі-ақ сұранып тұр. Бұл да – ақсап тұрған мәселенің бірі. Әрине, біз барлық жағдайды түсінеміз. Алайда бұл жерде ата-ананың рөлі басым. Солардың тарапынан көмек, қолдау болуы керек, – деген Мейрам Маратұлы жастардың болашағына университет қызметкері, оқытушы ретінде ғана емес, ұл тәрбиелеп отырған әке ретінде де алаңдайтынын жеткізді.

## «Аула сыпырушылар мен еден жуушылардың еңбегін бағалаған жөн»

«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының білім алушысы Әли есімді студент өз университетінің студенттеріне қара күйе жаққысы келмейтінін, алайда «әттеген-ай» дегізетін тұстар да кездесетінін жасырмады. – Әсіресе, бірінші курс студенттеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек секілді. Себебі, олар – түрлі ортадан келген жасөспірімдер. Ал бұл – жоғары оқу орны, сондықтан мұндағы тәртіп те мектептегідей емес. Сонымен бірге алғашқы жылын пандемия кезінде онлайн форматта оқып, университетке екінші курста келген жастар да бар. Жүрген жерінде қоқыс тастап, түкіріп, автобустың билеттері мен бетперделерін лақтырып кететін, темекінің қалдығын белгіленген орыннан тыс жерге тастай салатындар да кездеседі. Біз оқу орнындағы тазалыққа жауапты аула сыпырушылардың, еден жуушы кіші қызметкерлердің еңбегін еш кетірмей, бағалауымыз керек, – деді ол.

Студенттердің бір-біріне ескерту жасауға батылы жетпейтіні де жасырын емес. Өйткені оның соңы жанжалға ұласуы да ғажап емес. Дейтұрғанмен, жастар мұндай сын-ескертпелерге түсіністікпен қарап, нәтиже шығарғаны дұрыс.

**Тобықтай түйін.** «Мәдениет – кісілер арасында адам болу өнері». Тауып айтылған даналық екен. Біз бұл мақаламызды жастарды даттау мақсатында емес, керісінше мақтауға тұрарлық қасиеттері көбейсе екен деген оймен ұсынып отырмыз. Көптің пікірі де соған саяды. Басты кейіпкерлеріміздің пікірлерін де жанашырлықпен айтылған ойтолғам деп қабылдаған абзалырақ.

Ал сіздің бүгінгі жастар жөнінде пікіріңіз қандай, қандай ұсыныс-тілегіңіз бар. Ой қосыңызға болады, оқырман!

**Ләззат ҚАЖЫМОВА**



# Жүздері таныс желіден

Бұл талантты студенттер – университетіміздің «Медиа орталығы» жанынан құрылған «Media club» ұйымының жас блогерлері. Олар жөнінде төменде тарқатып айтатын боламыз.



Суреттегі білім алушыларымыз – ойы жүйрік, тілуар екендіктерін танытып жүрген сөз шеберлері. Университетішілік «Заңғар» газетінің беттерінен және әлеуметтік желілерімізден бірнеше мақалаларын оқыған да боларсыздар. Олар жазумен қатар белсенді студенттік өмірге де араласып жүр. Бірі – университетішілік шаралардың тізгінін ұстап, тыңдарманын қоңыр үнімен баурап алады. Ал енді бірі мәнерлеп өлең оқып, көпшілік көзайымына айналды. Студенттеріміздің тіршілігінен қапы қалмай, көргенін көсілте жазатын бұл жастарымыздың мақаласын оқығанда, көз алдыңызға болашақ аграрлық немесе техникалық сала маманын елестету қиын.

Университетіміздің әлеуметтік желілерінен, YouTube арнамыздан, тіпті, «Tiktok» желімізден студенттер жасап жүрген медиа контентті байқаған боларсыздар. Бір топ студент блог жүргізіп, университет тіршілігімен таныстырса, ал келесі бір тобы қаламды қолдарына серік етіп, мақала жазумен айналысып жүр.



Ал бұл суреттегі көңілді қыз-жігіттер – біздің тикток контентін «жарып» жүрген ұйым мүшелері. Қазіргі жастардың тикток желісінде белсенді екенін байқаған шығарсыздар. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бұл студенттеріміз биыл университетіміздің тикток арнасын ашып, бейнероликтер сала бастады. Олар түсірген бейнежазбалар қазіргі таңда 100 мыңнан астам қаралыммен оқырманның көзайымына айналып жүр. Әртүрлі актуалды әрі қызықты тақырыптарда түсірілген, әрқайсысында бір меседжі бар бейнероликтер жастар тәрбиесіне оң әсерін тигізуде. Қоғам мен жоғары оқу орнының этикасын сақтау, ұстаздарға құрметпен қарау, сапалы білім алу, студенттік өмірді белсенді әрі қызықты өткізу бағытында түсірілген жазбалардың жақсы қаралымдар мен «лайк» жинауы, тикток «тілімен» айтқанда «рекке» шығуы – соның дәлелі. Сонымен қатар кәсіптік бағдарды да ұмытпай, мектеп түлектеріне Жәңгір хан университетін таныстырып, бізде білім алудың артықшылықтарымен бөлісіп келеді.

Әрине, бұл бағыттар – әр студенттің қызығушылығына қарай айналысатын хоббиі. Әртүрлі жұмыстар атқарса да, оларды бір мақсат біріктіріп тұр. Ол – университет имиджін қалыптастырып, танымалдылығын арттыру. Сондықтан бұл ұйым үнемі өзара бас қосып, әр істі команда болып ақылдасып жасайды. Олардың ұйымшылдығы университет қабырғасында да байқалып жүр. Атап айтсақ, университетішілік

«Өзіңнен баста!» атты квест ойынында «Media club» командасы 1-орынды жеңіп алды. Сондай-ақ аталмыш ұйым студенттер мен қызметкерлер арасында футбол турнирін өткізіп, өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерінің жоғары екендігін дәлелдеді.

Бұл қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүретін тағы бір адам бар. Оның есімін атап өтуді жөн көрдік. Ол – 3-курс студенті Нұрдаулет Төлепберген. Белсен-



Біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымыздың ішінде «Instagram»-да белсенділік жоғары. Себебі, қазіргі таңда инстаграм арқылы ақпарат тарату жедел әрі ыңғайлы. Осыған байланысты білім ордасында орын алған оқиғаларды оқырмандарымызға жедел жеткізу мақсатында «Репортерлар» тобы іске кірісті. Инстаграмдағы Stories (история) арқылы тікелей репортаждар жасап, желі белсенділігінің артуына үлес қосып жүрген студенттер – жоғарыдағы суретте.



Мен жоғарыда атап өткен студенттерді оқырмандар смартфон экранынан жиі көреді. Ал «Media club» оператор-монтаждаушылары камераның арғы жағында жүріп, шығармашылық қабілеттерін өз жұмыстары арқылы көрсетеді. Креативті ойлау арқылы бейнеконтентті дамытып жүрген бұндай өнер иелерін заманауи тілде «Мобилограф» деп те атайды. Бейне операторы болу әркімнің қолынан келе бермейді. Әдемі кадрларды қалт жібермеу, оларды сәтті түсіріп алып, дұрыс ракурстарды таңдай білу – біз ойлағандай оңай дүние емес. Одан кейін бейнетүсірілімнің монтажын жасап, әуенмен әрлеу сияқты көзге көрінбейтін ұсақ-түйек жұмыстарды да үйлестіре білу – шеберлікті талап етеді.

ді жас көшбасшылық қабілетінің арқасында жақсы идеяларымен бөлісіп, команданы топтастырып, жаңа ізденістерге жол бастап келеді.

Құрылғанына 1 жыл толмаса да, осындай жақсы нәтиже көрсетіп жүрген жас толқынның қатары алдағы оқу жылында тағы да толысып, университет тарихында өз орнын алатынына сеніміміз зор!

Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ

**Меншік иесі:**  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Бас маман  
**Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ**  
«Заңғар» газетінің маманы  
**Дина ЖАНҒАЛИЕВА**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.  
Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 556  
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

**Редакцияның мекенжайы:**  
090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.  
Бас ғимарат 206-бөлме  
1-42  
info\_zkatu@mail.ru